



ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

10.04.2026 ж.

№ 4, 1-т.

«Білім беру ортасының цифрлануы және еңбек заңнамасындағы өзгерістер жағдайында кәсіподақ мүшелігін құқықтық қорғау мен ынталандырудың жаңа тәсілдері туралы».

Кәсіподақ төрағасы А.М. Мұқашеваның баяндамасын тыңдап және талқылай келе, Орталық комитет экономика мен әлеуметтік саланың белсенді цифрлық трансформациясы, жасанды интеллект технологияларының енгізілуі, сондай-ақ, еңбек заңнамасындағы өзгерістер жағдайында кәсіподақ қозғалысының жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдерге тап болып отырғанын атап өтеді. Бұл жағдайлар жұмыскерлердің құқықтарын қорғау және кәсіподаққа мүшелік мотивациясын арттыру тәсілдерін жүйелі түрде жаңартуды талап етеді.

Пленум білім беру ортасын цифрландыру, қашықтықтан және платформалық жұмыспен қамтуды дамыту, алгоритмдік басқаруды және еңбек қызметін цифрлық бақылауды енгізу жағдайында кәсіподақтың құқықтық қорғау функциясын күшейту, заманауи цифрлық құралдарды енгізу, сондай-ақ, кәсіподақ мүшелерімен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру қажет екенін мәлімдейді.

Сонымен қатар, кәсіподақ қызметін одан әрі цифрландыру деңгейін арттыру, құқықтық көмектің қолжетімділігін кеңейту, кәсіподақ мүшелерімен коммуникацияның ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті жерлердегі кәсіподақ активінің рөлін күшейту қажеттігі атап өтеді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің Орталық комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ төрағасы А.М. Мұқашеваның баяндамасының негізгі ережелері назарға алынсын және қабылдансын.

2. 2026-2029 жылдарға арналған Кәсіподақ қызметінің басым бағыттары болып төмендегілер айқындалсын:

- кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау жүйесін жетілдіру;
- кәсіподақ қызметін цифрлық трансформациялау;
- кәсіподаққа мүшелік мотивациясының жаңа тетіктерін дамыту;
- цифрлық экономика жағдайында әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайту.

3. Кәсіподақтың басшылығына (А.М. Мұқашева, В.Ф. Беженаров), Орталық комитеті Аппаратына:

3.1. «Қадамдап ілгерілеу: идеядан міндеттерді жүйелі кеңейтуге дейін» жасанды интеллектіні енгізу бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3.2. 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде:

- Кәсіподақтың бірыңғай цифрлық платформасын құруды аяқтасын;
- ресми сайтты жаңғыртуды және құқықтық көмек көрсетудің цифрлық сервистерін (онлайн-консультациялар, чат-боттар, өтініш беру сервистері) іске қосуды қамтамасыз етсін;
- кәсіподақ мүшелері арасында электрондық дауыс беру және цифрлық сауалнама жүргізу элементтерін енгізісін.

3.3. Мыналарды қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етсін:

- еңбек дауларының электрондық базасы;
- кәсіподақ мүшелері өтініштерінің есебін жүргізудің цифрлық жүйесі;
- құқық қорғау қызметі бойынша талдамалық (аналитикалық) есептілік.

4. Мүшелік ұйымдардың басқару органдарына:

4.1. Жұмыскерлердің еңбек құқықтарының бұзылуын ерте анықтау бойынша жұмысты жандандырсын.

4.2. Төмендегілерді:

- кәсіподақ мүшелерімен онлайн-консультациялар мен кездесулерді тұрақты өткізуді;
- цифрлық коммуникация арналарын пайдалануды;
- жұмыскерлер өтініштерінің есебін жүргізуді және талдауды қамтамасыз етсін.

4.3. Жас педагогтар мен ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ қызметіне тартылу деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдасын.

4.4. Кәсіподаққа мүшелік мотивациясын арттыру мақсатында:

- кәсіподақ мүшелеріне көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейтсін;
- кәсіби және әлеуметтік сипаттағы цифрлық сервистерді енгізісін;
- кәсіподаққа мүше болудың артықшылықтары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтсін.

4.5. Кәсіподақтың ақпараттық саясатын күшейтсін:

- кәсіподақ мүшелерін қызмет барысы мен қабылданып жатқан шешімдер туралы тұрақты хабардар етуді қамтамасыз етсін;

- коммуникацияның заманауи форматтарын (әлеуметтік желілер, онлайн-трансляциялар, цифрлық платформалар) дамытсын;
- кәсіби қоғамдастықпен ашық диалог ұйымдастырсын.

5. Кәсіподақтың құқықтық қызметіне:

5.1. Келесі әдістемелік ұсынымдарды әзірлесін және енгізісін:

- цифрлық бақылау жағдайында жұмыскерлердің құқықтарын қорғау;
- еңбек қатынастарындағы алгоритмдік шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету.

5.2. Жеке және ұжымдық еңбек дауларын сүйемелдеуді, оның ішінде қашықтықтан жұмыс жасау нысандарын пайдалана отырып қамтамасыз етсін.

6. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарына келесілер ұсынылсын:

6.1. Ұжымдық шарттарға келесідей ережелерді енгізуге бастамашылық жасасын:

- «байланыстан ажырату құқығы» (оффлайн болу құқығы) туралы ережелер;
- цифрлық коммуникация регламенттері;
- цифрлық бақылауды пайдалануға қойылатын шектеулер;
- жұмыскерлердің жеке дербес деректерін қорғау кепілдіктері.

6.2. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының Жасанды интеллектіні енгізу кезінде жұмыскерлердің құқықтарын қорғау стандартын белсенді ілгерілетсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақтың Атқару комитетіне жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева